ДӘРІС 2.
ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ЖҰМЫС КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Дәріскер: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова

ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

1. Музейлік коммуникацияны жетілдірудегі экскурсиялық іс
2. Экскурсиялық істің музей концепциясындағы рөлі мен маңызы
3. Экскурсия мен педагогиканың өзара байланыстары

Lorem ipsum dolor sit amet, consectetur adipiscing elit, sed do eiusmod tempor incididunt ut labore et dolore

ДӘРІС МАҚСАТЫ:

Экскурсиядағы музей-педагогикалық процесс заңдылығымен, экскурсиялық істе жаңа технологияны қолданумен, келушілермен қазіргі коммуникацияның жаңа қырымен жұмыс жасауды таныстыру. Шолу және тақырыптық экскурсияларды құрау тәсілінбілу, музей құндылықтарына және тарихи-мәдени ескерткіштеріне қатысты мәселелерге өз ойын білдіруге үйрету.

ЭКСКУРСИЯ ҚЫЗМЕТІ

Экскурсия жүргізуші қызметі – педагогиканың бірі. Өйткені кез келген экскурсия адамға табиғат, қоғам, тарихи оқиғалар, табиғи құбылыстар, т.б. туралы тың білім береді, яғни ол білім беру үдерісінің маңызды да мәнді бір бөлігі саналады. Экскурсия жүргізушімен әңгімелесу, оның ұсыныстары мен ескертпелерін қабылдау экскурсантты рухани жағынан өрлеуге және оның эстетикалық талғамының кемелденуіне жетелейді.

Тақырыптық экскурсиялардың (табиғаттанулық, өнертанулық, т.б.) әрбір тобының өз міндеттері бар. Педагогикалық талаптарды негізге алған экскурсия жүргізуші кемінде екі педагогикалық міндеттерді атқарады. Біріншісі, экскурсанттарды біліммен қаруландыратын дидактикалық, екіншісі, дүниетанымдық, тәртіп нормалары мен сөйлеу мәнерін қалыптастыратын тәрибелік міндеттер.





ЭКСКУРСИЯ ЖҮРГІЗУШІНІҢ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Экскурсия жүргізушінің шеберлігінің құрамдас бөлігі – педагогикалық техникасына ие болуы. Оның құрамдас бөліктері: тілдік шеберліктері, яғни дұрыс, ұғымды, әдемі сөйлеу, өзіннің сөйлеуін айқын түрде интонациялау, сөйлеуінде белгілі ойлар мен сезімдерді білдіру шеберлігі; мимикалық айқындылық, нақты қимылдар, айқын қарау; өзіннің эмоционалдық (психикалық) күйін басқару, жылы шырайлылық, тілектестік болу шеберлігі; режиссерлік пен актерлік шеберліктердің элементтерін меңгеруі болып табылады.

Жоғары білікті мамандарды даярлау Қазақстанда да жолға қойылды. Мысалы, 1981 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) тарих факультетінде «Музейтану» арнайы курсы (маманданымы) енгізілді. Тарихи пәндерімен бірге музейтану пәнін қоса меңгерген мамандарға музейлерде жұмыс істеуге мүмкіндіктер ашылды. Нәтижесінде XX ғасырдың 80-жылдардың басында республикада музейлері қызметкерлерінің көпшілігі, мәселен, 1980 жылы – 71,2%-ы, 1987 жылы – 75,7%-ы қызметкердің жоғары білім алды.

СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ МУЗЕЙ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ АХУАЛЫ



Мамандардың (Ибраева, т.б.) есептеулеріне қарағанда, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында музей қызметкерлерінің құрамы азайып кеткен. Соғыс кезінде майданға аттандыру, бюджеттің тапшылығына байланысты қысқарту сияқты себептер музейлердің онсыз да аз кадр әлеуетін күрт төмендетіп жіберді. Егер бұрын облыстық тарихи-өлкетану музейлерінде 6-7 адам қызмет етсе, соғыс жылдарында 2-3 адам болып сиреп, музей жұмысы жүрмеді. 1942 жылғы қаңтардағы музей қызметкерлері туралы мәліметтер мынадай: республиканың 13 облысы бойынша барлық қызметкерлер саны – 49 адам, оның ішінде БК(б)П мүшесі – 9 адам, комсомол мүшесі – 3 адам, жоғарғы білімі барлар – 8 адам, орта білімі барлар – 19 адам, аяқталмаған орта білімі барлар – 6 адам, арнайы білімі барлар – 3 адам,

Ал облыстық музейлердің жағдайы мынадай: Алматы облысы бойынша 5 адамның жоғары білімі жоқ, 2-інде орта білім, 2-і партия мүшесі, 1-і комсомол мүшесі, Батыс Қазақстан облысы бойынша 2 адамның 1-інде орта білімі, екіншісінде аяқталмаған орта білімі болған. Ұлттық құрамы: қазақ – 1 (Қостанай облысы бойынша), орыстар 28, қалғаны басқа ұлт өкілдері. Міне, зерттеушілердің мағлұматы осындай.Бұл соғыс зардаптарынан туындаған жайт еді.



ҚАЗІРГІ **ЖАҒДАЙ**

Бүгінде Қазақстандағы аталмыш мәдени мекемелері музейлердің коммуникативті даму үлгісіне көше бастады, олардың қызметінде жалпылықтан жалқылыққа (келуші тұлғаға) көшу кеңінен байқалды, осыған орай жеке тұлғалардың көрмелері де көптеп ұйымдастырылып жатыр. Сондай- ақ, экскурсиялық істің теориялық-әдістемелік негіздері де айқындалған. Жаңа сипаттағы музейлер, бұрыннан келе жатқан музейлерде заман талабынан туындаған залдар да, тіпті, республика аумағында жекеменшік музейлер де ашылған. Дегенмен, музейлердің дені мемлекетке қарайды, мемлекет тарапынан қолдауға сүйенеді.

Отандық музейлердің топтамасын толтыруға 2004 жылдан жүргізіліп келе жатқан **«Мәдени мұра» Ұлттық Стратегиялық Жобасы** оң әсерін тигізгендігін де айтып кетуге болады. Музей ісіне қатысты жорналдар да үздіксіз шығып келеді. Нәтижесінде республиканың барлық өңірлеріндегі музейлердің экспозициялары қайта жаңғырды.

Қазақстандық музейлердің дами бастауы, бір шетінен, жаңа коллекциялармен өз қорларын толықтыруы болса, екіншіден, музейтанудың заман ағымына сай дамуы, яғни жаңа стандарттар мен заманауи техникаға сай витриналық қондырғылармен музей ішін жабдықтау, т.б. еді.





БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ

1. ЭКСКУРСИЯ МЕН ПЕДАГОГИКА ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ НЕДЕ?
2. Экскурсия жүргізушінің педагогикалық қызметіндегі құрауыштарды толығымен баяндап беріңіз.
3. Педагогикалық экскурсия үдерістерін сипаттаңыз.
4.Тақырыптық экскурсиялар және педагогика арасындағы байланыстар неден көрініс табады?
5.Экскурсия мен педагогиканың өзара байланыстары қандай?



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение: учебноепособие. Минск, 2004.
2. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебноепособие. М., 2002.
3. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. М., 1985. 255 с.
4. Белугина Г.К. Экскурсоведение. Иваново, 2005. 21 с.

